

Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжі

Мұғалімнің сыртқы келбетінің мәдениеті

Орындаған: БББ-41 тобының
студенті Негманова Гульжанат

Жоспар

- ◆ Мұғалім мәдениеті – балалардың көз алдында болатын үлгісі.
- ◆ Қазіргі заман мұғалімінің киіну мәдениеті мен келбеті
- ◆ Мұғалімнің киіну үлгілері
- ◆ Қорытынды

Мұғалім мәдениеті – балалардың көз алдында болатын үлгісі.

- ◆ Мұғалім жұмысында тәрбиелік мәні жоқ нәрсе болмайды. Соның ішінде мұғалімнің киім үлгісі, мұғалім киіміндегі эстетизм. Әрбір мұғалім өзінің жеке талғамына, жалпы мәдениет деңгейіне қарай киіну керек. Нақты қағида – мұғалім жұмысқа жарасымды, сәнді киініп келуі. Киім адамды тәртіптендіреді, жинақыландырады, оқушыға да әсер етіп, оны ілтипаттылыққа шақырады. Мұғалімнің салдыр-салақ киініп, еркек мұғалім сақалын қырмай, әйел мұғалім шашын сәндемей, бет жүзін әсемдемей сабақа келетін болса, ондай ұстазды оқушылар құрметтемейді. А.С. Макаренко кезінде эстетикалық талғамнан қалған мұғалімді сабаққа жібермеген. Барлық уақытта мұғалім - салауатты өмір салтының үлгісі. Мұғалімнің мәдениетсіздік көрінісі оқушылардың психикасын бұзады.



Қазіргі заман мұғалімінің киіну мәдениеті мен келбетіне мыналар жатады:

- ◆ **1. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн.** Ақ кофта, оның жағасы болуы керек, кара немесе көк түстегі юбка. Ақ кофтанын сыртынан жакет киіуге болады. Егер жағасы жоқ кофта болса сыртынан пиджак киген дұрыс. Кофталардың кеудесі катты ашық болуға болмайды. Жылтыр тастары бар түрлі-түсті футболкалар киуге қатаң тыйым салынады.
- ◆ **2. Егер де киімде өрнектер болса, олар классикалық киім үлгісіне сай болуы тиіс.** Мысалы, торкөздер немесе түзу сызықтар. Киімдегі жазулар, көз тартатын шимай-шатпақ өрнектерден бас тартуға тура келеді.
- ◆ **3. Мұғалімнің өзіне сенімді, білімді, тәжірибелі екені қоғамда өзін ұстау әдебінен, өзгелермен сыпайы сөйлесе білуінен көрініп тұрғаны жөн.** Сонымен қатар бұл бейнеңізді сәнді көзілдірік, сағатпен, талғаммен таңдалған сөмкемен толықтыра түссеңіз — нұр үстіне нұр.

◆ **4. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс.**

Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.



◆ **5. Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.**



